

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 11-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Жаһандану және ұлттық тәрбие.

Грамматикалық тақырып: Қалау мәнді сөйлемнің –са(-се) игі еді, -са(-се) екен тіркесі арқылы жасалуы

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Әлем елдері арасында сауда өсіп, саяси, мәдени қарым-қатынастар нығайып келеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы да белсенді жүруде, осы елдер арасындағы интеграциялық үдерісті жаһандану деп жүрміз. Ғаламдық жаһанданудың үдерісінде ұлттық болмысымыздың басты бағдары – білім деңгейі. Жаһандану дәуірі адамдарды ортақ құндылықтар, ортақ таным аясына біріктіруге бастайды. Дегенмен, төл тарих, тіл, дәстүр, өзінің қайталанбас ерекшеліктерімен дараланады. Жаһандану кезеңінде өзге елдің ықпалында кетпей, өз тарихымызды танып, тілімізді қастерлеп, дәстүрімізді дәріптеу қажет. Жаһандану дәуірінің негізгі талаптарының бірі – осы өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақты тәрбиелеу. Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», - дейді. Ұлы ойшылдың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде мемлекетіне қызмет ететін адамда он екі қасиет болуы керек, соның бірі – өнер-білімге құштарлық дейді. Тәрбиенің тілден бастау алатыны белгілі. Тәрбие мен білім беру бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Елін, жерін, тілін, дінін, дәстүрін, тарихын қадірлеген ұрпақ қана ұлы істерді атқара алады. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тағдыры. Қай халықтың болмасын өзіне тән қасиеттері, мінезі, тілі болады, бұл ұлттық рухпен тікелей байланысты. Бұл рухты асқақтатын – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбиемен өскен ұрпақтың дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика. Ұлттық тәрбие дегеніміз, бұл – фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер. Жаһандану үрдісі жүріп жатқан қазіргі жағдайда ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық рухымызды сақтап қалу – әр адамның міндеті.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Әлем елдері арасында қандай қарым-қатынастар нығайып келеді?
2. Әр түрлі елдер арасындағы интеграциялық үдеріс қалай аталып жүр?
3. Ұлттық болмысымыздың басты бағдары не?
4. Төл тарих, тіл, дәстүр, өзінің қандай ерекшеліктерімен дараланады?
5. Жаһандану кезеңінде өзге елдің ықпалында кетпей, нені дәріптеу қажет?
6. Әл-Фарабидің тәрбие туралы айтқан қандай сөзі бар?
7. Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі не?

7-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.

2-тапсырма. Ақпаратпен танысып, мәтінді толықтырыңыз.

Кез келген жұрттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Бұл – атадан балаға ұласып, күні бүгінге дейін өз маңызын жоймаған, күнделікті өмірімізден айқын көрініс тауып келе жатқан негізгі ерекшелігіміз. Ең құнды тәрбие – ұлттық тұрғыдан берілген тәрбие. Сан ғасырлар бойы сараланған асыл құндылықтарға шынайы ізеттілік пен моральдық тұрғыдағы тәрбие қосылса, нәтижелі болар еді. Халықтың дана өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар жиынтығы қашанда маңызды рөлге ие. Осы себептен ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп, жалпы ұрпақ тәрбиесі мәселесінде тиімді пайдалана білу бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік.

Қай ұлттың болсын баянды болашағы оның ұрпағымен тікелей байланысты екені сөзсіз. Ол екеуін бір-бірінен ажыратып қарау әсте мүмкін емес.

11-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.